

ALT
UNIVERSITY

ALT



STUDENT GUIDEBOOK

2025-2026

ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ!

Сіздерді **ALT UNIVERSITY** — болашақ университетінің студенті атануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл — білімге, кәсібилікке және өзін-өзі дамытуға апаратын жолдың бастамасы. Сіздер заманауи әлемнің нақты сын-қатерлеріне, технологиялар мен тәжірибеге негізделген білімді таңдаумен маңызды қадам жасадыңыздар.

ALT UNIVERSITY — бұл жай ғана оқу орны емес. Бұл — пікірлес адамдардың қауымдастығы, мүмкіндіктер алаңы, мұнда:

- сіздің бірегейлігіңіз қадірленеді;
- бастамаға қолдау көрсетіледі;
- әр студенттің әлеуеті ашылады;
- өсіп-дамуға және идеяларды жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Бұл жерде сіздер көлік инженериясы, энергетика, цифрлық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, сәулет және құрылыс, логистика мен бизнес-менеджмент салаларында сұранысқа ие мамандықтарды меңгересіздер.

Сіздерді заманауи білім беру бағдарламалары, цифрлық және технологиялық дағдылар, Қазақстан мен шетелдегі тәжірибелер, тәлімгерлердің қолдауы, жұмыс берушілермен тығыз байланыс, кәсіби тәжірибелер мен кепілдендірілген жұмысқа орналасу, жарқын студенттік өмір, жобалар, хакатондар, спорттық және мәдени іс-шаралар күтеді.

Есіңізде болсын: сіз жалғыз емессіз. Жаныңызда әрдайым ALT командасы, оқытушылар мен сіздің курстастарыңыз бар — олар сізге сенеді және әрдайым қолдау көрсетуге дайын.

Сіздің болашағыңыз ALT UNIVERSITY-де басталады!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН,

**ALT UNIVERSITY РЕКТОРЫ
М.С. ЖАРМАҒАМБЕТОВА**

SAFETY FIRST

Қауіпсіздік

1. Өрт қауіпсіздігі
2. Жер сілкінісі кезіндегі әрекет
3. Алғашқы жәрдем

Нұсқаулық

1. Ішкі тәртіп ережелері
2. Студенттер үйінде тұру ережелері
3. Студенттерді әлеуметтік қолдау.

Әлеуметтік курстар


1. Қорлау.
2. Құмар ойындарға тәуелділік
3. Стресс

ALT КАРТАСЫ

Университеттің мекенжайы: **Шевченко көшесі, 97**
(Шевченко мен Масанчи көшелерінің қиылысы).

Кіру Шевченко көшесі жағынан жүзеге асырылады.

БАСТЫ ОҚУ КОРПУСЫНЫҢ КАРТАСЫ



Оқу корпусы бес блоктан тұрады. Навигацияны жеңілдету үшін әр блок түрлі түспен белгіленген:

1-блок — қара

2-блок — көк

3-блок — жасыл

4-блок — қызыл

5-блок — қызғылт сары

КОВОРКИНГТАР:

COWORKING – 1 қабат



RELAX ZONE – 2 қабат



DRESS CODE

ALT Университетінде студенттердің сыртқы келбетіне қатысты белгілі бір талаптар қойылған.

Киім үлгісін сақтау — университет ғимаратына еркін кіру және оқу үдерісіне қатысу үшін міндетті.



Киім таза,
үтіктелген
болуы тиіс.



Тыйым
салынады:

терең ойықты жейделер,
мөлдір киімдер, тәпішкелер,
бөксе деңгейіндегі белдемшелер
мен шалбарлар, ерсі элементтері
бар киімдер.

* Белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, ALT Университетінің Қауіпсіздік қызметі ғимаратқа кіруді шектеуге құқылы.

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

СТИПЕНДИЯҒА АРНАЛҒАН БАНК КАРТАСЫ

Стипендия Қаржы орталығы арқылы
Kaspi Bank-тегі карта шотына аударылады.

СТИПЕНДИЯ

Бірінші семестрде мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен барлық студенттерге стипендия беріледі.

Келесі семестрлерде стипендия алу үшін студент алдыңғы семестрдегі емтихан сессиясының қорытындысы бойынша **барлық пәннен 70+ балл жинауы қажет.**

СТИПЕНДИЯ ТӨЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

Стипендия ай сайын келесі мерзімдер бойынша төленеді:

Оқу кезеңі	Төлеу мерзімдері
1 триместр	1 қыркүйектен 30 қарашаға дейін
2 триместр	Желтоқсан-ақпан айларына төлем қысқы сессиядан кейін, 1 желтоқсаннан 31 наурызға дейін жүзеге асырылады
3 триместр	1 сәуірден 31 тамызға дейін (егер студент қысқы сессия нәтижесі бойынша стипендиясын сақтаған болса)

ОНАУ ЖОЛАҚЫ КАРТАСЫ

(ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА)

ОҚУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА АЛУ

АНЫҚТАМАҒА ӨТІНІМДІ
PLATONUS ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ
ЖІБЕРІҢІЗ (БӨЛІМ: АНЫҚТАМАЛАР).
АНЫҚТАМА ДАЙЫН БОЛҒАНЫ
ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫ КҮТІҢІЗ.

1. **KASPI.KZ** ҚОСЫМШАСЫН АШЫҢЫЗ
2. «ТӨЛЕМДЕР» БӨЛІМІНЕ ӨТІҢІЗ
3. «ОНАУ. КАРТА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ
ҚАЙТА ШЫҒАРУ ҮШІН ТӨЛЕМ»
ҚЫЗМЕТІН ТАҢДАҢЫЗ

КАРТА ШЫҒАРУДЫҢ ҚҰНЫ
— 800 ТЕҢГЕ.

ТӨЛЕМ ЖАСАУ

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫ ДАЙЫНДАҢЫЗ:

(электронды нұсқада)

1. 3×4 ФОТО
2. ОҚУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА
3. ЖЕКЕ КУӘЛІК
4. **KASPI.KZ** АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН
ТӨЛЕМ ТҮБІРТЕГІ

ҚҰЖАТТАРДЫ ОНЛАЙН ЖІБЕРУ

ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ
ҚҰЖАТТАРДЫ ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНА
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА АРҚЫЛЫ ЖОЛДАҢЫЗ.

ҚҰЖАТТАР ТОЛЫҚ ТАПСЫРЫЛҒАННАН KEЙІН
КАРТА **3 ЖҰМЫС КҮНІ ІШІНДЕ** ДАЙЫН БОЛАДЫ.

МАҢЫЗДЫ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Бөлімшелер	Байланыстар	Хабарласыңыз:	Қайда:
Held desk (Студенттерді қолдау қызметі)	https://alt.edu.kz/helpdesk/	Жалпы сипаттағы сұрақтар	
Тіркеуші Кеңсесі	Ербосынова Анаргүль Серикказиновна a.erbosynova@alt.edu.kz	Кесте, пәндерді тіркеу, транскрипт анықтамалары (PLATONUS арқылы)	ALT Кабинет 2612
Кітапхана-ақпараттық орталығы	libr@alt.edu.kz	Оқырман нөмірі, оқулықтарды беру және қайтару, электрондық ресурстарға қол жеткізу	ALT Coworking
Студенттер үйінің Қызмет басшысы	Кырыкбаев Бахытхан Бекмухамбетович b.kyrykbaev@alt.edu.kz	Студенттер үйінде тұру туралы сұрақтар	ALT Мәуленов көшесі, 110, CY №2
Медициналық Қызмет	Әуелбек Назгүл Асылханқызы nazgyl.assylkhan@mail.ru	Медициналық көмек көрсету, клиникаға тіркелу, флюорография	ALT Кабинет 207
Менталды денсаулық орталығы	Шабденова Дария Рахималиевна d.shabdenova@alt.edu.kz	Психологиялық көмек көрсету	ALT Coworking
Есеп және визалық қолдау кеңсесі	Тасбулатова Альфия Жунусахуновна a.tasbulatova@alt.edu.kz	Уақытша және әскери есепке қою (шақыру, шетелдік студенттерге арналған УТТ)	ALT Кабинет 2612
Жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар және халықаралық ынтымақтастық департаменті	Муратова Адия Жасланова a.muratova@alt.edu.kz Бейсахметова Жанна Алматовна zh.beisahmetova@alt.edu.kz	Академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламалар, шетелдік алмасулар	ALT Кабинет 2607
Мансапты дамыту кеңсесі	Рысбаева Нурсулу Қуатбайқызы nursulu.rysbaeva@alt.edu.kz	Тәжірибе, тағылымдама, жұмысқа орналасу	ALT Кабинет 2618
Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті	Ташимбетова Ақдана Турсынхановна a.tashimbetova@alt.edu.kz	Тәрбие және әлеуметтік қызмет бойынша	ALT Кабинет 2606
Студенттерді әлеуметтік қолдау	Алиқызы Әсел a.alikzy@alt.edu.kz	«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы ALT Университеті» АҚ білім алушыларының әлеуметтік пакеті бойынша әлеуметтік қолдау көрсету	ALT Кабинет 2606
Жастар саясаты кеңсесі	Ахатай Ырысбек Исағалиұлы a.yrysbek@alt.edu.kz	Студенттік ұйымдар, еріктілер, әлеуметтік басылымдар, желілері, іс-шаралар	ALT Кабинет 2606

ИНСТИТУТТАР

Білім алушылар институт директорларына келесі мәселелер бойынша жүгіне алады:

- оқу жылына бекітілген жеке оқу жоспарын алу;
- басқа білім беру бағдарламасына, басқа ЖОО-ға ауысу немесе оқудан шығу;
- әлеуметтік стипендия тағайындау Ережелеріне сәйкес жеңілдіктер алу үшін өтініш беру;
- бос білім беру гранттарын бөлу конкурсына қатысуға өтініш беру (бар болған жағдайда);

тиісті құжаттар болған жағдайда сессия мерзімін ұзарту (өзгерту) рұқсатын алу;

- қалалық көлікке арналған жол жүру картасын – ОНАЙ алу;
- аралық/қорытынды аттестация нәтижелері бойынша білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей институттың директоратында апелляция беруі тиіс;
- «Магистраль» грантына (АҚ «ҚТЖ» ҰК») қатысуға өтініш беру.

ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ИНСТИТУТЫ

Директорат	Байланыс	Қайдан табуға болады?
"Логистика және бизнес" институтының директоры Даубаев Канат Жаксымуратович	Телефон: +7 (727) 292 16 55 e-mail: k.daubayev@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
"Логистика және бизнес" институты директорының орынбасары Бадамбаева Салтанат Ергазиевна	Телефон: +7 (727) 292 10 41 e-mail: s.badambaieva@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
"Логистика және бизнес" институты директорының орынбасары Алик Асель	Телефон: +7 (727) 292 32 30 e-mail: a.alik@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
«Көліктік қызметтер және бизнес» кафедрасының меңгерушісі Мусалиева Роза Джалеловна	Телефон: +7 (727) 292-36-84 e-mail: r.mussaliyeva@alt.edu.kz	Кабинет: № B504
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі Абдирайымова Ардак Серикбаевна	Телефон: +7 701 959 93 89 e-mail: a.abdiraiymova@alt.edu.kz	Кабинет: № B510
«Жалпы инженерия» кафедрасының меңгерушісі Ахметова Патам Тургановна	Телефон: +7 701 548 6996 e-mail: p.ahmetova@alt.edu.kz	Кабинет: № B507
"Language education" кафедрасының меңгерушісі Смаилова Феруза Ибрагимовна	Телефон: +7 (727) 2 92 44 41 e-mail: f.smailova@alt.edu.kz	Кабинет: № 5813

КӨЛІК ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ИНСТИТУТЫ

Директорат	Байланыс	Қайдан табуға болады?
«Көлік және құрылыс» институтының уақытша өкілетті директоры Сүлеева Нұргүл Зинабдинқызы	Тел. 8 (727) 292-17-34 (ішкі 10-15) E-mail: n.suleeva@alt.edu.kz	Кабинет: B405
Тәрбиелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Мусин Нұрлан Геннадьевич	тел. 8 (727) 292-17-34 (ішкі 11-18) E-mail: n.musin@alt.edu.kz	Кабинет: B405
«Автотранспорт құралдары және өмір қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі Тойлыбаев Асылбек Ермаханович	e-mail: a.toilybaev@alt.edu.kz	Кабинет: B406
«Қозғалмалы құрам» кафедрасының уақытша меңгерушісі Чиғанбаев Темірбай Отарбаевич	e-mail: t.chigambayev@altedu.kz	Кабинет: B408
«Архитектура-құрылыс инженериясы» кафедрасының меңгерушісі Құлманов Қалижан Серикович	e-mail: k.kulmanov@alt.edu.kz	Кабинет: B402
«Көлік құрылысы» кафедрасының уақытша меңгерушісі Бихожаева Гүлмира Сагатовна	e-mail: g.bikhozhaeva@alt.edu.kz	Кабинет: B413

“ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР” ИНСТИТУТЫ

Директорат	Байланыс	Қайдан табуға болады?
Энергетика және сандық технологиялар институтының директоры Тойгожинова Айнура Жумакановна	тел. +7 707 888 1931 E-mail: a.toigozhinova@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
Директордың орынбасары Төрекүл Айдана Қайратқызы	E-mail: a.torekul@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
Директордың орынбасары Хажиева Тоғжан Бауыржанқызы	E-mail: t.khazhieva@alt.edu.kz	Кабинет: № B505
"Автоматтандыру және басқару" кафедрасының меңгерушісі Қарымсақова Нұргүл Тлетаевна	тел. (8-727) 292-78-97 e-mail: n.karymsakova@alt.edu.kz	Кабинет: № B504
"Компьютерлік ғылымдар және технологиялар" кафедрасының меңгерушісі Касымова Динара Тугелбековна	тел. (8-727) 292-40-85 e-mail: d.kassymova@alt.edu.kz	Кабинет: № B510
"Телекоммуникациялық жүйелер" кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Ерішова Мереке Өмірзаққызы	e-mail: m.erishova@alt.edu.kz	Кабинет: № B507
"Энергетика" кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Утепбергенова Сандуғаш Мырзабековна	e-mail: s.utepbergenova@alt.edu.kz	Кабинет: № 5813

ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ

Директорат	Байланыс	Қайдан табуға болады?
Әскери іс институтының бастығы Ерназар Хамидуллаұлы Ишанов Запастағы полковник, педагогика ғылымдарының магистрі, Ауғанстандағы әскери іс-қимылдардың ардагері	e-mail: e.ishanov@alt.edu.kz	Кабинет: №5110
Әскери іс институты бастығының орынбасары Нұрлан Маратұлы Сексенбаев Запастағы полковник, әскери істер магистрі, Әскери іс-қимылдардың ардагері	e-mail: n.seksenbaev@alt.edu.kz	Кабинет: №5101
Әскери іс институты бастығының орынбасары – оқу бөлімінің бастығы Айдын Мәулетқанұлы Чунетов Запастағы полковник, техникалық ғылымдар магистрі	e-mail: a.chunetov@alt.edu.kz	Кабинет: №5101
«Жауынгерлік қамтамасыз ету» циклының бастығы Болат Қалқайұлы Құдабаев Запастағы полковник, әскери тарих бойынша PhD докторы	e-mail: b.kudabaev@alt.edu.kz	Кабинет: №5114
Арнайы пәндер» циклының бастығы Данияр Мұратұлы Зағитов Запастағы полковник, техникалық ғылымдар магистрі	e-mail: d.zagitov@alt.edu.kz	Кабинет: №5114

АЛТ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

АЛТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫСЫ:

- 1.** ҚР заңдарын, Жарғыны, ішкі тәртіп ережелерін сақтайды және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады.
- 2.** Мемлекеттік рәміздерді, тілді, Қазақстанның мәдениеті мен тарихын, сондай-ақ университет дәстүрлерін құрметтейді.
- 3.** Оқытушылармен, студенттермен және қызметкерлермен қарым-қатынаста сыпайы және құрметті.
- 4.** Адамдарды ұлтына, мәртебесіне, жасына немесе көзқарасына қарамастан құрметтейді.
- 5.** Адал оқиды және келесі әрекеттерге жол бермейді:
 - баға алу үшін таныстарды пайдалануға,
 - алдауға және плагиатқа,
 - себепсіз сабақ қалдыруға,
 - пара алуға және деректерді қолдан жасауға,
 - шпаргалка мен гаджеттерді бақылау жұмыстары кезінде қолдануға.

Сабақ барысында телефон үнсіз режимде болуы тиіс.

- 6.** Университет мүлкіне ұқыпты қарап, вандализмге жол бермейді.
- 7.** Кітапхана ресурстарын мұқият пайдаланады.
- 8.** Ұқыпты сыртқы келбет пен іскерлік киім үлгісін ұстанады.
- 9.** Сыбайлас жемқорлықты айыптайды және оған қарсы әрекет етеді.
- 10.** Денсаулығына мән береді, мәдени, моральдық және физикалық тұрғыдан дамуға ұмтылады, университет өміріне белсенді қатысады.
- 11.** Университеттің беделіне зиян келтіретін деструктивті ақпаратты таратпайды және рұқсат етілмеген акцияларға қатыспайды.
- 12.** Кодекс бұзылған жағдайда бұл туралы жастар саясаты департаментіне немесе университет басшылығына хабарлайды.

АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2025-2026 оқу жылы үшін бірінші курс
студенттеріне арналған академиялық күнтізбе (триместрлік жүйе)

Оқу үдерісінің кезеңдері	1-триместр	2-триместр	3-триместр	Жазғы семестр/триместр
1 курс студенттері үшін бейімдеу апталығы	27.08.2025 – 29.08.2025			
1 курс білім алушылары үшін пәндерге тіркелу	25.09.2025 – 29.09.2025			
Теориялық оқыту кезеңі	02.09.2025 – 08.11.2025	01.12.2025 – 14.02.2026	10.03.2026 – 16.05.2026	08.06.2026 – 11.07.2026
1-аралық бақылау	29.09.2025 – 04.10.2025	05.01.2026 – 10.01.2026	06.04.2026 – 11.04.2026	29.06.2026 – 04.07.2026
2-аралық бақылау	03.11.2025 – 08.11.2025	09.02.2026 – 14.02.2026	11.05.2026 – 30.05.2026	8.07.2026 – 11.07.2026
Оқу практикасы және есептерді қорғау			18.05.2026 – 30.05.2026 01.06.2026 – 06.06.2026	
Емтихан сессиясы	10.11.2025 – 22.11.2025	16.02.2026 – 28.02.2026	01.06.2026 – 06.06.2026	13.07.2026 – 18.07.2026
FX бағасын қайта тапсыру	Емтихан сессиясы кезеңінде өткізіледі			
Жазғы семестрге/триместрге пәндерге тіркелу			01.06.2026 – 06.06.2026	
Каникул кезеңдері	24.11.2025 – 29.11.2025	29.12.2025 – 03.01.2026 02.03.2026 – 06.03.2026	08.06.2026 – 29.08.2026	
2026-2027 оқу жылына пәндерге тіркелу			13.04.2026 – 08.05.2026	

PLATONUS АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ НЕГІЗГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ – PLATONUS.



Бұл жүйе оқу процесін автоматтандыруға, студенттерге және оқытушыларға ыңғайлы жағдай жасауға арналған.

Жүйеге сайт арқылы да, мобильдік қосымша арқылы да кіруге болады.

АВТОРИЗАЦИЯ

Жүйеге кіру үшін университеттің ресми сайтына кіріп, **i-University** бөліміндегі **Platonus** сілтемесін басасыздар. Кіру үшін логин мен құпиясөзді **Help Desk** немесе **Эдвайзерден** аласыздар. Сәтті кіргеннен кейін сіздер өзіңіздің жеке кабинетіңіздің басты бетіне өтесіздер.

ЖЕКЕ КАБИНЕТ: ҚҰРЫЛЫМЫ

Жеке кабинет бірнеше негізгі блоктардан тұрады

Хабарландырулар – университет тарапынан жіберілген ресми хабарламаларды көресіздер.

Онлайн-консультант – сұрақтарыңызды қоюға мүмкіндік береді.

Жеке деректер – сіздің жеке ақпараттарыңыз сақталады.

ОҚУ АУДИТОРИЯСЫ

Бұл – студент пен оқытушы арасындағы байланыс алаңы. Чат арқылы сөйлесуге, тапсырмалар алуға, хат жазысуға болады. Сонымен қатар пән бойынша барлық оқу материалдарына қол жеткізе аласыздар.

ЖУРНАЛ ҮЛГЕРІМІ

Бұл модуль студенттің оқу жетістіктерін көруге мүмкіндік береді: ағымдағы бағалар, рейтингтер, емтихан нәтижелері.

Бағалар түстермен белгіленеді:

- Жасыл – 90-100,
- Көк – 70-89,
- Сары – 50-69,
- Қызыл немесе сұр – 50-ден төмен.

АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

Академиялық күнтізбеде оқу жылының барлық маңызды даталары көрсетілген: сабақ басталуы мен аяқталуы, демалыстар, емтихан сессиялары.

ОҚУ КЕСТЕСІ

Бұл бөлімде сіздер апталық сабақ және емтихан кестесін қарай аласыздар. Барлық ақпарат нақты уақыт режимінде жаңартылып отырады.

QR АРҚЫЛЫ САБАҚҚА ҚАТЫСУ

Сабаққа қатысуды тіркеу үшін **Platonus** мобильдік қосымшасы қолданылады. Студент сабаққа кіргенде, экранда пайда болатын QR-кодты сканерлеу арқылы қатысу белгіленеді.

QR-код генерациясына қойылатын талаптар:

- Оқытушылардың жарияланған сабақ кестесі ескеріледі;
- Platonus мобильді қосымшасы орнатылған ұялы телефонның болуы қажет;
- QR-кодтың жаңару аралығы – 30 секунд;
- Оқытушыға студенттердің қатысуын өз бетінше белгелеуге қолжетімділік шектелген;

Сабақ басталғаннан кейін 15 минут өткен соң студенттердің қатысуын растау үшін берілген QR-код жасырын болады.

СТУДЕНТТІҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

Әр студент өз оқу жоспарын өзі құра алады. Яғни, оқу кезеңінде қажетті пәндерді таңдау мүмкіндігі бар. Бірақ тіркеу тек белгілі уақыт аралығында ғана жүргізіледі.

ТРАНСКРИПТ

Бұл – студенттің ресми оқу жетістігін көрсететін құжат. Мұнда барлық пәндер, кредит саны және бағаларыңыз жазылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

Егер студенттің оқу ақысы немесе жатақхана бойынша қарызы болса, журналдарға қол жеткізу уақытша жабылады. Сондықтан төлемдерді уақытында орындау маңызды.

ТЕСТІЛЕУ

Platonus жүйесінде онлайн-тест тапсыру мүмкіндігі бар. Тестілеу кезінде прокторинг жүйесін қолданады.

АПЕЛЛЯЦИЯ

Нәтижелерге келіспеген жағдайда студент апелляция бере алады. Бұл әділ бағалауға мүмкіндік береді.

ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР

Жүйеде қосымша бөлімдер бар:

- Сауалнама толтыру,
- Жатақханаға өтініш беру,
- Кітапханаға қолжетімділік,
- Ақпараттық қолдау орталығы (Help Desk).

БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Білім бағалануы баллдық-рейтингтік әріптік жүйеге негізделеді, ол семестр барысында жиналған ұпайларға сүйенеді.

Пән бойынша қорытынды баға келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

Ағымдағы үлгерім — сабақтарға қатысу, тапсырмаларды орындау, тесттер, жобалар, дербес жұмыстар және сабақтағы белсенділік.

Аралық бақылау — оқу семестрінің 8-ші аптасында өткізіледі және курстың ортасында негізгі тақырыптардың меңгерілу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылау — семестр соңында өткізіліп, пән бойынша барлық оқу материалдарын қамтиды.

МАҢЫЗДЫ:

Барлық бақылау түрлерінен өту міндетті.

Қорытынды бақылауға қатысу үшін студент ағымдағы және аралық аттестация бойынша ең аз дегенде 50% максималды ұпай жинауы керек.

Қорытынды баға әріптік форматта қойылады (A, B, C, D, F)

және GPA шкаласына сәйкес балл беріледі.

Бағаны жоғарылату академиялық саясат ережелері бойынша қайта тапсыру арқылы мүмкін.

БАҒАЛАР МӘНДЕРІ КЕСТЕСІ

Әріптік жүйедегі баға	Сандық баламасы	Балл	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ОҚЫТУҒА ТӨЛЕМ ЖАСАУ

(ақылы оқитын студенттер үшін)

ОҚЫТУ АҚЫСЫ БІР РЕТТЕ НЕМЕСЕ КЕЛЕСІ КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС ТӨЛЕНЕДІ:
Студент оқыту құнын келесі тәртіппен төлеуге міндетті:

- Оқыту құнының 30% — осы Келісімшартты жасаған сәтте. Келесі жылдары — 15 қыркүйекке дейін;
- Оқыту құнының 20% — ағымдағы оқу жылының 15 желтоқсанына дейін;
- Оқыту құнының 20% — ағымдағы оқу жылының 15 ақпанына дейін;
- Оқыту құнының 30% — ағымдағы оқу жылының 15 сәуіріне дейін.

* Оқудың ақысын университеттің өзі оқитын студент те, үшінші тұлғалар (ата-аналар, туыстар, демеушілер және басқалар) да төлей алады.

ТӨЛЕМ ТӘСІЛДЕРІ:

Қазақстандағы кез келген банк бөлімшелерінде **қолма-қол төлеу;**

«Нұрбанк» АҚ сайты немесе **мобильді қосымшасы арқылы** төлеу;

Kaspi.kz сайты немесе **мобильді қосымшасы арқылы** төлеу.

ТӨЛЕМ ЖАСАҒАНДА ТӨМЕНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ:

1. Тегі, аты, әкесінің аты
2. ЖСН (ИИН)
3. Төлемнің тағайындалуы
4. Оқу жылы, институт

Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы төлеу кезінде

«**Төлемнің тағайындалуы**» бөліміне өтіп, ашылатын тізімнен қажетті пунктті таңдаңыз:

- Оқыту
- Ритейк (ретеик)
- Пәндерді қайта есептеу
- Студенттер үйінде тұру

МАҢЫЗДЫ!

Оқыту ақысы уақытында төленбеген жағдайда, университет кешіктірілген әр күн үшін 0,1% мөлшерінде айыппұл сала алады, бірақ жалпы сомасы оқыту құнының 10% аспайды.

ТІРКЕУ БӨЛІМІ

ОФИС-РЕГИСТРАТОР (ОР) білім алушыларға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін келесі ақпарат пен құжаттарды ұсынады:

- білім алушы **Логистика және көлік академиясының** студенті екенін растайтын **мекенжай анықтамасы**;
- **№ 4, 6, 31 қосымша анықтамалар** – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектік, асыраушысынан айырылу және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, сондай-ақ мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындауға арналған;
- оқу жылының қорытындысы бойынша **оқу үлгерімі туралы транскрипт**;
- **академиялық рейтинг, GPA (орташа балл)** есебі;
- оқу жылына **жеке оқу жоспарын қалыптастыру** бойынша кеңес;
- **мемлекеттік стипендияны тағайындау және жолақы төлемі** туралы ақпарат.

МЕКЕНЖАЙ АНЫҚТАМАСЫ және **№ 4, 6, 31 ҚОСЫМША АНЫҚТАМАЛАР** келесі жолдармен беріледі:

- **Platonus порталы арқылы** ЭЦҚ көмегімен жеке куәлік көшірмесін жүктеу арқылы онлайн режимде;
- **Platonus жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда** – қағаз нұсқасында **2104-кабинеттен** алуға болады.

ЕСЕП ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОФИСІ

ЕСЕП ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОФИСІ (ЕЖВҚО) келесі қызметтерді қамтамасыз етеді:

- шетелдік білім алушыларды **тіркеу** және **визалық қолдау**;
- **әскери есепке алу** (шақырылушылар) бойынша білім алушыларды тіркеу;
- **Студенттер үйінде уақытша тіркеу** рәсімін **ХҚКО (ЦОН)** арқылы жүргізу;

-
- білім алушыларға келесі құжаттарды ұсыну:

№3 қосымша анықтама – әскери есепке алу басқармасына (әскери комиссариат) тіркеу орны бойынша **шақырылушы білім алушыларға әскерге шақырудан кейінге қалдыру** үшін.

УДО-ға (әскери есепке алу бөліміне) тіркелу үшін білім алушы міндетті түрде келесі құжаттарды ұсынады:

- **жеке куәліктің көшірмесі**;
- **әскери тіркеу куәлігінің түпнұсқасы** (приписной билет).

МАНСАПТЫ ДАМУ ОФИСІ

МАНСАПТЫ ДАМУ ОФИСІ — студенттер, түлектер және бизнес-қауымдасытығын байланыстырушы буын.

НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ — білім алушылардың кәсіби өсуіне және сәтті жұмысқа орналасуына ықпал ету.

НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ:

- Бизнес-серіктестер және жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу
- Студенттер мен түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесу
- Кәсіби тәжірибенің барлық түрлерін ұйымдастыру
- Мастер-кластар, қонақ дәрістері, вебинарлар өткізу
- Еңбек нарығын зерттеу, трендтер мен жұмысқа орналасу көрсеткіштерін талдау
- Вакансиялар жәрмеңкелері мен карьералық іс-шараларды ұйымдастыру
- Жұмысқа орналасу мониторингін жүргізу
- Дуальды оқытуды ұйымдастыру

ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ:

АЛТ Университетінің Қазақстанның жетекші кәсіпорындарымен 300-ден астам серіктестік келісімі бар. Өндірістік және диплом алды тәжірибелерді компанияларда, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелерде және университет базасында өтеді. Тәжірибе қорытындысы бойынша әрі қарай сол ұйым базасында жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Жиі жұмыс берушілермен кездесулер, сұхбаттар, презентациялар және жас мамандарды бөлу ұйымдастырылады.

ЖАС МАМАНДАРДЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫҒАН СТУДЕНТТЕРДІ ЖҰМЫСҚА БӨЛУ

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқығандар үшін жұмысқа бөлу ұйымдастырылады. Процедураға жұмыс берушілер, кадрлық қызметтер және арнайы комиссия қатысады. Тәжірибе бойынша берілген ұсыныстар, компаниялардың өтінімдері, үлгерім мен түлектің белсенділігі ескеріледі. Жоғары жетістіктерге жеткен түлектер жұмысқа бөлу кезінде артықшылыққа ие болады.

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН МІНДЕТТІ ӨТЕУ:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығына сәйкес, грант иегерлері ресми түрде босатылмаған жағдайда, үш жыл бойы мамандығы бойынша жұмыс істеуге міндетті.

Мекенжай:
Шевченко 97, 2618-каб.

E-mail:
l.abdikalikova@alt.edu.kz

Телефон:
87078881931 (ішкі 1053)

КІТАПХАНА

Университет кітапханасы қазіргі заманғы форматқа - Coworking zone форматына өзгертілді, онда студенттер кітап оқып, материалдармен жұмыс істей алады, сондай-ақ топтық талқылаулар өткізе алады, жобалармен жұмыс істейді және ыңғайлы оқу ортасын пайдалана алады.

КІТАПХАНАЛЫҚ РЕСУРСТАРҒА ҚАТЫНАСУ

Кітапхана ресурстарын пайдалана бастау үшін университеттің ресми сайтында онлайн-тіркеуден өту қажет:

ҚАДАМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ:



УНИВЕРСИТЕТТІҢ ALT САЙТЫНА КІРІҢІЗ:
ALT.EDU.KZ

«СТУДЕНТТЕР» БӨЛІМІНЕ ӨТІҢІЗ

«КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ»
ҚОЙЫНДЫСЫН АШЫҢЫЗ

«БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ» ҚОЙЫНДЫСЫНДА
ТІРКЕУ НЫСАНЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ

ТІРКЕЛГЕННЕН KEЙІН ЛОГИН МЕН ҚҰПИЯ СӨЗДІ
АЛАСЫЗ

СТУДЕНТКЕ НЕ ҚОЛЖЕТІМДІ:

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГ - баспа пішімінде қолжетімді кітаптарды іздеуге мүмкіндік береді. Табылған кітаптарды кітапхана-ақпараттық орталығының қызметкеріне хабарласу арқылы алуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА (Е-КІТАПХАНА) - интернетке қосылған кез келген құрылғыдан қашықтықтан, 24/7 қол жетімді.

Тыныш аймақта жұмыс істеу, жұмыс орындарын, Wi-Fi, сондай-ақ өз бетінше және командалық жұмыс үшін ресурстарды пайдалану мүмкіндігі бар.

ЛОГИН МЕН ПАРОЛЬДІ САҚТАУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ - олар бүкіл оқу кезеңінде жүйеде авторизациялау үшін қажет болады.

МЕНТАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ALT менталды денсаулық орталығы студенттерге (соның ішінде мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге) кез келген проблемалар мен өмірлік қиындықтар бойынша қолдау көрсетеді. Бұл тек академиялық емес, сонымен қатар жеке мәселелер болса да көмек көрсетіледі. Біздің орталық ALT барлық студенттеріне қазақ, орыс тілдерінде жеке кеңес береді.

ПСИХОЛОГ СІЗГЕ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА КӨМЕКТЕСЕ АЛАДЫ:

- Қорқыныштар мен мазасыздық
- Отбасылық мәселелер және ата-анадан бөліну
- Қарым-қатынастағы қиындықтар
- Жұмысқа байланысты мәселелер
- Академиялық қиындықтар
- Өмірдегі өзгерістерге бейімделу қиындықтары (көшу, университетке түсу)
- Уайым мен күйзеліс
- Көңіл-күйдің құбылуы
- Адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтар
- Өзін-өзі бағалау мәселелері
- Таңдаған кәсіби жолыңызға күмәндану
- Жақын адамынан айырылу
- Мотивацияның болмауы, жалқаулық, прокрастинация және т.б.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

ДҮЙСЕНБІ – ЖҰМА 9.30-17.00
МЕКЕН-ЖАЙ: 1 ЭТАЖ, КОВОРКИНГ №3

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ - NURLAB MEDICAL №1 КЛИНИКАСЫ
университет білім алушыларына шұғыл көмек көрсетеді.

ТІРКЕЛГЕН СТУДЕНТТЕР ҮШІН ТЕГІН:

- Студенттер үйінде медбикенің тәулік бойы бақылауы (24/7)
- Университет аумағында дәрігер мен медбикенің қабылдауы
- Ауруға арналған тегін дәрі-дәрмектер
- Талдау және диагностика
- Ауру кезіндегі медициналық анықтама (037-нысан)

037 АНЫҚТАМАСЫН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ:

- Анықтама міндетті QR-кодпен беріледі
- Анықтама берілген сәттен бастап 3 күн ішінде ұсынылуы керек

КЛИНИКАҒА ТІРКЕЛУ:

- **18 жастан бастап студенттер** - ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы
- **18 жасқа дейінгі студенттер** - ата-аналарының бірінің ЭЦҚ арқылы

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

Денсаулық сақтау пункті **екінші қабатта Green корпусында орналасқан**, 207-кабинет, БОФ, Шевченко көшесі, 97.

Жұмыс режимі:

күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін 08:30 — нан 17:00-ге дейін,
сенбі күні - 09:00-ден 13:00-ге дейін.
(Жексенбі-демалыс).

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТТЕР КЕЛЕСІ МЕКЕН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ОРНАЛАСҚАН:

- №2 Студенттер үйі — Мәуленов көшесі, 110
- №3 Студенттер үйі — Мәуленов көшесі, 112
- №4 Студенттер үйі — Масанчи көшесі, 88

Әуелбек Назгүл Асылханқызы - дәрігер
+7 778 645 9424

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

ALT Университетінде Әскери іс институты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери дайындықтан өткен жұмылдыру резервін дайындау бойынша маңызды мемлекеттік міндетті атқарады.

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқуға құжаттар, жасы 24-тен аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары студент болып қабылданады:

3 және 4 жылдық оқу түрінде оқитын 1-курс студенттері;
4 және 5 жылдық оқу түрінде оқитын 2-курс студенттері.

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқуға құжаттар қабылданады:

3 және 4 жылдық оқу түрінде оқитын 1 және 2 курс студенттерінен және колледжді аяқтаған.

Өтініштерді қабылдау мерзімі:

Ақпан мен мамыр айы аралығына дейін — **ALT Университетінде 4 және 5 жылдық оқу бағдарламасы бойынша оқып жүргендер үшін;**
Қыркүйек айында — **колледжден кейін және 3 жылдық оқу бағдарламасына түскен талапкерлер үшін.**

Құжаттар тізімі (өзіңізбен бірге алып келу қажет):

- Жеке куәлік (түпнұсқа және 1 дана көшірме)
- Әскери тіркеу куәлігі / әскери билет (ұлдар үшін түпнұсқа және көшірме)
- 3x4 өлшемді фотосурет – 2 дана
- Қағаз скоросшиватель («Дело») – 1 дана
- Файл – 3 дана
- Басқа ЖОО-ның ректоры қол қойған, студенттің оқып жатқанын растайтын анықтама (ALT Университеті әскери кафедрасы жоқ басқа ЖОО-лармен келісімге ие)

Іріктеу тәртібі (4 кезеңнен тұрады):

- Жергілікті басқару органдарының медициналық тексерісі
- Психологиялық тестілеу
- Дене дайындығы бойынша сынақ
- Рейтинг бойынша конкурстық іріктеу

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ — ALT Университетінің халықаралық қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Бұл бағдарлама студенттерге, магистранттарға және жас ғалымдарға бір академиялық кезең (1 семестр немесе 1 оқу жылы) ішінде шетелде білім алу немесе тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсынады.

Бағдарламаның мақсаттары:

Білім сапасын арттыру
Мәдени және академиялық алмасуды дамыту
Халықаралық ортада өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындық

Алмасу бағдарламасы бойынша оқу:

ALT Университетінің шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер негізінде қабылдаушы оқу орнының және ALT Университетінің оқу жоспарларын сәйкестендіруді ескере отырып

Қаржыландыру:

Республикалық бюджет
ALT Университетінің қаражаты
Гранттар мен стипендиялар (мемлекеттік, халықаралық, жеке)
Студенттердің өз қаражаты

Қатысуға кімдер құқылы:

Барлық курстардың студенттері, тек 1-курс пен бітіру семестрінен басқа
Өз мамандығы немесе жақын мамандықтары бойынша
Академиялық үлгерімі жоғары (GPA 3.0-ден жоғары)

Академиялық айырмашылықтар болған жағдайда пәндерді ақылы түрде меңгеру

Серіктестердің географиясы:

ALT Германия, Венгрия, Польша, Болгария, Латвия, Оңтүстік Корея, Қытай Халық Республикасы, Индонезия, Малайзия, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан және тағы басқа 20 елдің жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық жасайды.

STUDENT LIFE

ALT Университетінде сені тек оқу ғана емес, сонымен бірге қызықты студенттік өмір де күтеді!

Оны тәрбиелік және әлеуметтік жұмыс департаментінің Жастар саясаты кеңсесі үйлестіреді.

Студенттер үшін кім жұмыс істейді:

- Департамент директоры — **Ташимбетова Ақдана Тұрсынханқызы**
- Жастар саясаты кеңсесінің басшысы — **Ахатай Ырысбек Исағалиұлы**
- Бас мамандар — **Аманкелді Бекзада және Аманғазы Нұрасыл**

Олар драйв, даму және қолдау атмосферасын жасайды!

Жыл сайынғы шаралар:

- Бірінші курс студенттерін қабылдау рәсімі
- Balmuzdaq Party
- Mister & Miss ALT
- Студенттік көктем

Университетте келесі студенттік клубтар жұмыс істейді:

Вокалдық клуб «SINGER»;
Дебат клубы «TALANT»;
Домбырашылар клубы «Домбыра ART»;
Студенттік клуб «Жайдарман»;
Волонтерлік клуб «Саналы ұрпақ»;
Би клубы «ULTIMATUM»;
Театр клубы «ALT VEGA»;
«XXI LEADERS» Интеллектуалдық клуб;
«Арт-дизайн» клубы;
«Soile» ораторлық клубы;
«LIVE BAND ALT»;
«Media Republic» медиа клубы;
«ALT RUN» - спорт клубы.

Сонымен қатар спорт секциялары:

футбол (спорт залында);
волейбол (спорт залында);
баскетбол (спорт залында);
бадминтон (спорт залында);
үстел теннисі;
тоғызқұмалақ;
шахмат.

Ең үздік клубтарға қосылағыңыз келе ме?

Онда мүмкіндікті
жіберіп алмаңыз

@sg_alkz

Instagram-ға жазыңыз:

СТУДЕНТТІК ҮКІМЕТ (СУ) — белсенді студенттер тобы, олар:

- Студенттік өмірді ұйымдастыруға көмектеседі
- Лидерлік пен бастамашылықты дамытады
- Ыңғайлы әрі қауіпсіз ортаны қалыптастырады

Университет өміріне ықпал еткің келе ме? — **Студенттік Үкіметке қосыл!**

ALT — бұл тек оқу орны емес, сенің үлкен студенттік отбасыңа айналған жер.

ALTEAM

ALTeam — мұнда жұмыс қозғалысқа айналады, ал команда — сенің екінші үйің! **Бұл тек жарнама жасайтын жігіттер ғана емес,** жарқын оқиғалар құрып, университетке жаңа студенттерді тартатын команда. Тіпті сен профориентациялық командамен тікелей таныс болмасаң да, біл — олар сені жақсы біледі! Олар сенің мектептеріңе келіп, профориентациялар өткізді. Шындығына келсек: сен оларды қабылдау комиссиясында да көргенсің — құжаттармен көмектесіп, қабылдау кезеңінің барлық сатыларында сенің жаныңда болды.

Команданы маркетинг және PR департаментінің Сату офисі үйлестіреді.

Студенттер үшін кім жұмыс істейді:

- Маркетинг бойынша басқарушы директор — **Иманғалиев Думан Мырзағалиевич**
- Сату офисінің жетекшісі — **Әуезқан Адина Дастанқызы**
- Біздің менеджерлер — **Темірболатова Дильназ Айболатқызы, Дарменбаева Улжан Оспанқызы, Аукен Алихан Разақұлы**

Олар сенім, қолдау және болашақты сенімді таңдау атмосферасын жасайды!

Команданың негізгі шаралары мен іс-шаралары:

- Қазақстан бойынша мектептер мен аймақтарға сапарлар
- Абитуриенттер мен олардың ата-аналарымен кездесулер
- ALT University кампус турлары
- Ашық есік күндері
- Университеттің Қабылдау комиссиясында жұмыс

ALTeam — бұл команда, ол:

- Абитуриенттерге мамандық таңдауында көмектеседі
- Лидерлік және коммуникациялық дағдыларды дамытады
- Сенім мен ашықтық атмосферасын жасайды
- Университеттің мақсаттарына жетуге атсалысады

ALTeam — бұл жай ғана жұмыс емес. Бұл әркім маңызды болып табылатын бір ұжым. *Желешекке жол ашып, шабыт беріп, қолдау көрсететіндердің қатарында болғың келе ме?*

Біздің
Instagram-ға жазыл:

@alteam_fam

және барлық
жаңалықтардан хабардар бол!

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ALT UNIVERSITY-дің студенттер үйі — Алматы қаласының Алмалылық ауданында орналасқан жаңа буындағы жатақханалар.

СҮ №1 мекенжайы: Мауленова көшесі, 108а;

СҮ №2 мекенжайы: Мауленова көшесі, 110;

СҮ №3 мекенжайы: Мауленова көшесі, 112;

СҮ №4 мекенжайы: Масанчи көшесі, 88/89.

Студенттер 4 жатақханада тұрады, онда жайлы өмір сүру мен демалу үшін барлық жағдай жасалған. Әрбір жатақханада Wi-Fi қолжетімді.

Студенттік үйлер сыртқы және ішкі бейнебақылау камераларымен жабдықталған.



Студенттер үйлерінде оқу залдары, буфеттер мен асүйлер бар.

Студенттерге төсек жабдықтары, матрастар және жастықтар беріледі.

Тұрмыстық жағдайларға мыналар жатады:

- кір жуатын және кептіретін машиналар;
- санитарлық бөлмелер (душ және дәретханалар).



Университеттің барлық студенттер үйлері спортпен айналысуға арналған жабдықталған тренажер залдарымен қамтылған. Сонымен қатар, бильярд залдары мен үстел теннисі ойындарына арналған орындар бар. Қыздар үшін арнайы аэробика залы қарастырылған.

Студенттер үйлерінің аумағында ойын-сауық алаңдары мен футбол алаңы бар.

БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

ГРА жоғары болса — мүмкіндіктер көп болады

Бағалар білімнің толық көрсеткіші болмаса да, болашақта кейбір "артықшылықтар" әкелуі мүмкін.

Оқуды басынан бастап ұйымдастыр

Пайдалы материалдарды жүктеп ал, конспекттер жүргіз, іс-шараларды кейінге қалдырма. Кейінгі уақытта бәрін түсініп, қуып жету қиындауы мүмкін.

Сұраудан ұялма

Жолдан адастың ба? Кестені түсінбей қалдың ба? Оқу бойынша сұрақтарың бар ма? Кеңесшілерге, оқытушыларға немесе жоғары курс студенттеріне жүгін — бәрі де сенің жағдайыңда болған.

Жаңалықтарды бақылап отыр

ALT-тің ресми әлеуметтік желілеріне, институт чаттарына және өз курс тобына жазыл — маңызды хабарландырулар мен соңғы мерзімдерді өткізіп алмауға көмектеседі.

Instagram: @altnewskz @altedukz @sg_altkz

Белсенді бол!

Іс-шараларға қатыс, клубтарға және жобаларға қосыл. Бұл — достар табудың, таланттарыңды ашудың және студенттік жылдарыңды ұмытылмас етуге тамаша мүмкіндік.

Студенттер үйіне мұқият қара

Ережелерді сақта, көршілеріңді құрметте, тазалықты ұстан — бұл сенің ортақ үйің.

Өзіңе қамқор бол

Ұйқы, тамақтану және денсаулық — сенің басты серіктерің. ALT-де медициналық қызмет пен қолдау бар екенін ұмытпа — сен жалғыз емессің!

Өзің болудан қорықпа

Мұнда тек оқып қана қоймай, жеке тұлға ретінде дамуға келдің. Өзіңді еркін білдіруден, жаңа нәрселерді байқап көруден және қателіктер жіберуден қорықпа — бұл жолыңның бір бөлігі.

ALT-қа қош келдің!

Сенің жолың енді басталып жатыр — ол жарқын, сенімді және қызықты жаңалықтарға толы болсын.

ALT-та оқу — бұл керемет саяхат. Қорықпа, адаспа және есіңде сақта — бәрі де сәтті болады!

ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

2025–2026 оқу жылының пәндеріне тіркелу бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

1

1-қадам: <https://platonus.alt.edu.kz/> сайтына кіріп, өз логин мен парольді енгізіп, жеке кабинетке кіріңіз.

2

2-қадам: **Сайт картасы** → **Онлайн тіркелу**
→ **Пәндерге тіркелу бөліміне** өтіңіз.

3

3-қадам: Оқу жылын таңдаңыз — 2025–2026 оқу жылы, академиялық кезеңде — 1-семестрді таңдаңыз.

4

4-қадам: Пәндер тізімі ашылады және кесте көрсетіледі. Өзіңізге ыңғайлы кесте құра аласыз.

5

5-қадам: Қажетті пәннің жанындағы **«плюс» белгісін** басыңыз және соңында міндетті түрде **«Сақтау» батырмасын** басуды ұмытпаңыз.

6

6-қадам: Қажет болса, пәндерді өзгертуге болады! Эдвайзер тіркеуді бекіткенге дейін пәндерді еркін ауыстыра аласыз.

7

7-қадам: **«Таңдалған пәндерді қарау» батырмасын** бассаңыз, өзіңіздің таңдаған пәндеріңіз бен кестеңізді көресіз.

8

8-қадам: Барлығы дайын болған соң, **«Өтініш беру» батырмасын** басыңыз. Сіздің таңдауыңыз эдвайзерге растауға жіберіледі.

КЕЛЕСІ НЕ БОЛАДЫ?

Эдвайзер пәндеріңізді тексеріп, бекітеді. Содан кейін Platonus жүйесінде автоматты түрде сіздің кестеңіз жасалады: қай пән, қай күні, қай уақытта және қай аудиторияда өтетіні көрсетіледі.